

Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының
мұрасын зерттейтін “Арыс” қоры

Рәбиға СЫЗДЫҚОВА

ҒАЛЫМ-АЗАМАТ

(Профессор Құдайберген Жұбанов туралы)



АРЫС

Алматы
2004

ББК 84 Қаз 7
С 94

С 94 Сыздықова Р. Ғалым-азамат (Профессор Құдайберген Жұбанов туралы). — Алматы: “Арыс” баспасы, 2004. — 68 бет + 8 бет суретті жапсырма.

ISBN 9965-17-208-0

Қолдарыңыздағы кітапта қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық негіздерін қалаушы профессор Құдайберген Жұбановтың өмірі мен қызметіне арналып, 1966 жылы “Қазақстан” баспасынан жарық көрген академик Р.Сыздықованың “Ғалым-азамат” атты еңбегі көп өзгеріссіз екінші басылым ретінде ұсынылып отыр. Сонымен қатар академик ғалымның Қ.Жұбанов мұрасын танып-білу проблемаларына арнап кейінгі жылдары жазылған ғылыми мақалалары да осы жинаққа енгізілді.

Кітап үлкен өмірге қадам басқан жас буын өкілдеріне, жоғары оқу орнының студенттеріне, сондай-ақ жалпы тіл жанашырларына арналған.

ББК 84 Қаз 7


С $\frac{4702250204}{00(05)-04}$

ISBN 9965-17-208-0

© Сыздықова Р., “Арыс”, 2004



ҒАЛЫМ-АЗАМАТ

- ◆ Өмірі мен қызметі
 - ◆ Ғылыми мұрасы
 - ◆ Ағартушы-педагог
 - ◆ Ұстаз, азамат
- 

Құдайберген Жұбановтың өмірі мен қызметі

Қазақ елінің күні кешегі* сәулетті астанасы Алматыдан Мәскеуге қарай поезбен сапар шеккенде, орта жолда Жұрын атты кішкене станция қала береді. 1917 жылы осы Жұрыннан батысқа қарай өтіп бара жатқан бір поезға 18 жасар қараша жігіт мінді де, кете барды. Бұл оның туған аулынан басқа жаққа оқу іздеп шығуы еді... Бұл адам осы кітапшада сөз етіп отырған болашақ үлкен ғалым, қоғам қайраткері Құдайберген Жұбанов еді.

Орташа ғана дәулеті бар, мұсылманша оқуға көзі ашық, орысша да ептеп сөйлеп, оқи алатын ақылды шаруа Қуан Жұбанұлы өзінің 14 баласының ішінде ұлдан тұңғышы Құдайбергенді өуелден оқуға бағыштаған еді. 7-8 жасар ұлын қолынан жетектеп әкеліп, Жобал деген жердегі Оспан ишанның мешітіне беріп, үш жылдай шәкірт етіп, тілін сындыртқан-ды. Балаларының мұсылманша сауатын місе тұтпай, орысша оқытуды ойлаған да өзі болатын.

Бұған бірнеше себеп бар еді. Қуанның ата қонысы бұрынғы Орал (қазіргі Ақтөбе) облысы, Темір уезі, Темірорқаш болысына қарасты Қосуақтамға іргелес бірнеше орыс поселкелері болды. Ашық ойлы, ақылды Қуан өзі тәрізді шаруа қуып, адал еңбегімен күнелткен орыс көршілерін жатсынбайды, қайта олардың бірқатарымен “тамыр” болып, жақын жүреді. Тілдерін үйреніп, кәсіптеріне еліктейді. Соның нәтижесінде егін салуға машықтанады. Қуанның орыс халқына, оның тілі мен оқуына бүйрегін бұрғызған себептердің бірі осы болса, екіншіден, үлкен әлеуметтік фактор тағы бар еді. 1905 жылғы төңкерістен кейінгі қазақ даласында болған саяси-әлеуметтік өмір лебі көзі ашық, заман ағысын дұрыс бағдарлай білетін қарапайым еңбекқор Қуан сияқтылардың ой-санасына ықпалын тигізбей қоймады. Қазақ шаруалары сол ықпалмен түрлі жаңалықтарға еліктеді. Сол еліктеулердің ең бастысы — момын бұқараның көзі ашылып, оқу-білімге, мәдениетке жан сала ұмтылуы болатын.

* Бұл кітапша 1966 жылы жазылғандықтан, мағлұматтар сол кезеңге сәйкес айтылып отыр.

Осы екі себеп Қуан балаларының орысша оқуына әкеп соқтырады. Қуан өз балаларының мұсылманша, орысша сауат ашып, тілін сындырулары ғана емес, әрі қарай білім алуларына да қам істейді. 1905 жылғы төңкерістен кейін, 1911–12 жылдары қазақ ауылдарында жаңаша оқытатын, яғни жалғыз “құран шығу” емес, “дүнияуи” білім-ғылымнан (есеп, жаратылыстану т. б.) хабар беретін мектептер ашу қозғалысы басталады. Бұларда мұғалім болып сабақ жүргізген демократтық-ағартушылық бағыттағы жаңа типті қазақ оқығандары болады. Мұндай мектептерді ашып, ұйымдастырудың өзі алғашқы кезде оңайлыққа түспейді. Қуан отырған ауылында мектеп ашуға өзі тікелей қатысады. Қуаннан басқа ауыл адамдары бұл мектепке балаларын оқытуға енжар болады, олар бұл мектепті мектеп сиқы жоқ, өзі балаларға құран орнына “көпірлерше” әлдеқандай басқа “бірденелерді” үйретеді екен деп шошиды.

Қуан мектеп ісін өз мойнына алады. Ауыл ұстасы Сатыбалдыға қозылы қой беріп салдырған мектеп “корпусы” – жыпырайған шым үй. “Педколлективті” құрайтын бір-ақ адам, – ол 1911 жылы Уфадағы медресе “Ғалияны” бітіріп келген жас ағартушы Абдолла Беркінов (бұл кісі сол 1911 жылдан 1955 жылға дейін жарты ғасырдай өмірін жас буындарды оқытып тәрбиелеуге жұмсаған, Қазақ ССР-не Еңбегі сіңген мұғалімі атағын алған ұстаз болатын. Оқушылар “контингенті” де үлкен емес, бір кезде тіпті оның саны да біреуге (жалғыз Құдайберген!) түсетін болғандықтан, Қуан бұл мектепке қыздарын әкеп береді.

Міне, осы мектепке келіп-кетіп жүрген ұяң мінезді қараша бала Құдайберген асқан зейінді ұғымтал болады. Сол жылдардың өзінде ол орыс тіліне сонша құмартады. Бірақ бұл мектепте орысша оқытпайды. Сондықтан мұның ретін басқа жерден іздеуге тура келеді. Қосуақтамда тағы бір “оқу орны” болатын. Ол – бір кластық орыс мектебі. Мұның мұғалімі Хұсайын Ашығалиев деген болады. Ол туған халқын орыс елінің тілімен, мәдениетімен, өнер-білімімен таныстыру міндетін арқалаған қазақтың алғашқы демократ зиялыларының уәкілі еді. Ол тек орысша сауатты ғана емес, музыкадан да хабардар, ана тілін де, халқының ауыз әдебиетін де жақсы білетін, жастарға ұстаз боларлық

жанның бірі болатын. ҚР Ғылым академиясының академигі, атақты композитор Ахмет Жұбановтың айтуына қарағанда, ағасы Құдайбергеннің, әсіресе өзінің музыкаға ықылас қойып, оны сүйіп кетулеріне алғашқы себепкер осы Хұсайын Ашығалиев болады. Құдайберген сол мұғалімге барып, тұңғыш орысша сабақты содан алады.

Құдайбергеннің орысша оқуы осымен тына тұрады. 1914 жылы тағы да әкесінің қоштауымен Құдайберген Орынбордағы “Хұсайния” медресесіне шәкірт болып кіреді. XX ғасырдың бас кезіндегі мұсылман медреселерінде заман ықпалына байланысты, тек діни сабақтар ғана емес, “дүнияуи” пәндер де, яғни азаматтық білім беретін пәндер де оқытылғаны мәлім. Осындай медресе “Хұсайнияда” Құдайберген табиғат пен қоғам жөніндегі ғылымдардан алғашқы мағлұматтар алады. Бұл медресе талапты жастың әрі қарай орысша білімді толықтыра берсем деген ниетіне де кеселдік келтіре қоймайды. Өйткені медресе Орынбор сияқты қалада еді, ал қала XX ғасырдың бас кезіндегі саяси-мәдени өрлеу үстінде еді. Мұнда Құдайберген үш жылдай оқиды, медресе оған дүниетану ғылымдарынан там-тұмдаған мәлімет беріп, оның шығыс тілдерінен (араб, парсы, түрік) бұрынғы білгенін толықтыра, жетілдіре түседі, шығыс әдебиеті классиктерін түп нұсқадан оқи алатын дәрежеге жетеді. Сонымен, болашақ түркологтың шығысты алғаш оқып-тануы осымен тәмам болады. Дегенмен 17 жасар ауыл баласы Құдайбергеннің бұл күнге шейін оқып-білгені, көргені, сауаты өз құрбыларынан едәуір ілгері еді. Енді оған молда (“мұғалдам”) болып бала оқытуға да болады, көзі ашық, еті тірі жас жігіт боп шаруа соңына түсуіне де болады, тіпті кішігірім кеңсе қызметкері де болып кетуге болар ма еді... Бірақ Құдайбергеннің ойы бұлардың ешбіреуі де емес, әрі қарай оқу! Оқығанда енді, орысша оқу! Әке тірі, өле-өлгенше еншісі бөлінбеген Тәпен ағасы да (Қуанның туған інісі) бар. Екі үйдің азын-аулақ шаруасы мен жасөспірім іні-қарындастарды асырау қамы солардың мойнында.

Енді Құдайберген орысша білімді тиіп-қашып өз бетімен емес, мектептен жүйелі түрде алғысы келеді. Сол мақсатпен ол 1916 жылдың күзінде Жұрын станциясындағы екі кластық (бес жылдық) орыс мектебінің 4-класына келіп

түседі. Інісі Ахмет екеуі Иманбай етікшінің үйінде пәтерде тұрып, бір класта оқиды. Табиғатынан зерек, алғыр, жасы да болса естиярлау Құдайбергенге Жұрын мектебінің берері аз болады. Енді не істеу керек? Тағы да оқу керек! Міне, бұл жағдайлар Құдайбергенді көп ойландырады.

Баяғы орысша әліппені танытқан Хұсайын Ашығалиев Күйікқаланың (қазіргі Елек) орысша екі кластық (6 жылдық) училищесіне баруға ақыл қосады. Бұл 1917 жыл еді. Дүние жүзілік соғыстың үшінші жылы, ел күйсіз. Ғасырлар бойы қазақ шаруасына қырсықтай тиіп келген жұт бар ма, жалпы кедейшілік бар ма — бәрі қосылып бұл кезеңде Қуан мен Тәпен тұрмысын күйзелтіп кеткен-ді. Әкесі осындай қысыл-таяң кезде баласының шаруаға қолғабысын тигізіп, бір-екі жылдай ауылда болғанын жөн көреді. Табиғатынан тәртіпті, әрі үлкенді, әкені сыйлап өскен, бір жағынан, әкесіне дән риза Құдайберген тілазарланып, айқай-ұрыс шығарып, үйден кетем, оқуға барам деп тіке айта алмайды. Бірақ өзінің мұндағы пайдасының аз екенін сезіп, ретін тауып оқуға кетсем деп жүретін-ді. Оның да орайы келіпті. Әкесі оны базаршылата жіберді, ол базар басы — станцияға келді. Поезд болса ерсілі-қарсылы ағылып жатыр. Соның біреуіне отырып алсаң, мектебі бар Күйікқалаға апарады. Мініп келген құла байталын қайтсе екен? Поезға салып алып кетуге болмайды, қасында еріп келген серігі тағы жоқ. Е, мейлі, айнала отырған көз көрген ағайын-таныс танып алып апарып берер деп ойлайды да, атын бір бағанаға байлай салады...

Сол кеткеннен ойындағысын орындап, Күйікқала училищесінің 5—6 класын бір жылда үздік бағамен бітіріп, 1918 жылдың жазында 19 жасар жас жігіт Құдайберген туған аулына оралады. Үзіп-жұлып 2,5—3 жылдай оқыған орыс мектептерінен ол орыс тілін жақсы меңгеріп алады, дүниетану білімін толықтырады, өзі ұнатқан ғылым саласының қайсысын болса да өз бетімен игеріп кететіндей дәрежеге жетеді.

Осымен Құдайбергеннің мектебі де, университеті де аяқталады.

1919 жылы күзде 47 жасында сүзектен шаңырақ иесі Қуан, көктемде оның інісі Тәпен дүние салады. Енді екі

үйлі жанды асырау, үлкендеріне тірек, кішілеріне қамқоршы болу 20 жасар Құдайбергеннің басына түседі. Әрі қарай оқу дегенді енді жас жігіттің өзі де ойына дарытпайды. Қызмет істеуге кіріседі, – бала оқытудан бастайды. Бұл Қазан төңкерісі жеңісінің алғашқы жылдары еді. Жаңа дәуір қазақ даласына енді-енді ене бастаған шақ болатын. Төңкерісті, жаңа орнаған жас кеңес өкіметін бірден таныған жасөспірім Құдайберген ағартушылықпен қатар ауылда жаңа тұрмыс, жаңа құрылыс орнатуға белсене кіріседі. 1920 жылы Жұрындағы Қызыл штаб мүшесі болып, өз аулы Темірорқашта кеңес тәртібін орнатысады. Құдайбергеннің осы еңбегі ескеріліп, Темірорқаш болысы Жұбанов ауылсоветі аталады. Бұл ауыл 1937 жылға дейін осылай аталып келді. Қазірде бұл – Орқаш сельсоветі. Бұдан соң Құдайберген 1922 жылдардан бастап Темір қаласындағы (Жұрыннан 35 километр жердегі) уездік ағарту бөлімінде инспектор болып істейді. Бұл кезде ол бір қағаздан екіншісіне цифрлар көшіріп отыратын кеңсе қызметкері болуға емес, шын мәнінде жаңа қоғамның отты, ойлы мүшесі, халықтың ағартушысы болуға ұмтылады. Ол күнделікті өмірге ісімен, сөзімен араласады.

1920 жылдардың бас кезінде Ақтөбе қаласында шығып тұрған “Кедей” атты уездік газетте қызмет істеген Опа Алпановтың айтуына қарағанда, “1922 жылдары инспекторлық қызметте жүргенде Құдайберген редакцияға жиі келіп, газетте көтерілген кейбір келелі мәселелерге сүйсініп, мақтау айтып, өзі де түрлі тақырыптардан газетке мақалалар жазып тұрады. Әсіресе оқу-тәрбие жұмыстары жайлы көбірек жазатын болады. Сонымен бірге ол сол кездегі көкейтесті мәселелерге: қазақ кедейлерінің тұрмысына, ауылдағы ескі діни ғұрыптарға, әйел теңдігіне арналған түрлі әңгіме, өлең, пьеса, сықақтар жазып тұрады” (Жұрын аудандық “Коммунизм жолы” газетінің 1959 жылғы 22 декабрьдегі 122 номерін қараңыз).

Көп ұзамай білімді, жігерлі жас Құдайберген Жұбанов губерниялық ағарту бөліміне қызметке шақырылады. Сөйтіп, 1925–1928 жылдары Құдайберген Ақтөбе қаласында қызмет істейді. Екі қызметті қатарынан атқарады: бір жағынан, губерниялық ағарту органының

методикалық инспекторы, екінші жағынан, педтехникумнің мұғалімі болады. 20-жылдардың соңғы кезінде Ақтөбе губерниялық халық ағарту бөлімі бастығының орынбасары болған, Қазақ ССР-не еңбек сіңірген мұғалім В.Решетняктың естелігіне қарағанда, Қ.Жұбанов 1927 жылдары тек қазақ мектептерінің методисі емес, губерниядағы орыс мектептеріне де нұсқау беріп отыратын инспектор болып қос міндет атқарады және оны өзі тілеп алып істейді. Бұл жөнінде В.Решетняк былай деп жазады: “Орыс мектептерінің методисі тәртіпсіз әрі тұрпайы Прокофий Кобоймен ажырасқаным әлі есімде. Ол кезде орыс мұғалімдері арасынан шын мәнісіндегі методисті іздестіріп табу өте қиын еді. Осындай ауыр кезде қажымас Құдайберген кез келді, оның өз тілімен айтқанда, “сынақпен” орыс мектептеріне методистік қызметке уақытша мені алыңыз деп ұсыныс жасады. Бірақ оны сынға алудың қажеті болмады. Себебі ол осындай жауапты екі қызметті ешбір қиындықсыз абыроймен орындай білді”. (“Қазақстан мұғалімі” газетінің 1957 жылғы 5 декабрьдегі 50-номерін қараңыз).

1928 жылы көктемде білімді, қажырлы әрі ысылған тәжірибелі методист-педагог Жұбановты республиканың Халық ағарту комиссариаты (кейінгі Оқу министрлігі) сол кездегі астана – Қызылордаға қызметке шақыртады. Бірақ ол мұнда ұзақ уақыт істемейді. Бұл кезде республикамыздың алдында бірінші кезекте білімді маман ұлт кадрларын даярлау міндеті тұрады. Осы мақсатпен талапты жастарды жоғары оқуға тарту, бұрыннан бірқыдыру білімі барларды әрі қарай баулу (аспирантураға, түрлі академияларға, Мәскеу, Ленинград қалаларындағы жоғары оқу орындарына жіберу) ісі қолға алынады. Сондықтан 1929 жылдың басында (14 январьда) Қазақстан Халық ағарту комиссариатының коллегиясы “Жұбанов жолдасты ғылыми жұмысқа пайдалану туралы” мәселе қарап, бірнеше тілді жақсы білетін, қоғамдық ғылымдардан мол хабардар Құдайберген Жұбановты Ленинградтағы Шығыстану институтының аспирантурасына оқуға жібереді. Осы жылдың ақпан айында інісі Ахмет екеуі (бұл кісі Ленинград консерваториясына оқуға келген-ді) Ленинград қаласына

келіп түседі. Құдайберген аспирантураға түсу сынағынан өтеді. Сөйтіп, ол сол кезде “Түркологиялық семинар” деп аталған, акад. А.Н.Самойлович басқарған тіл ғылымы орталығында жазға дейін болып, жалаң оқу емес, зерттеу жұмысымен де айналыса бастайды. Дымқылды, суық солтүстіктің ауасы қырда, аңызак құрғақта өскен Құдайбергеннің денсаулығына қолайсыз тиіп, 1929 жылдың жазында біраз түзелу үшін Қызылордаға қайтып оралады. Мұнда каникул уақытын әдеттегідей демалып, бос өткізбей, қауырт жұмысқа тағы араласып кетеді. 1929 жылы маусым айында Қызылордада қазақ емлесіне арналған конференция шақырылады. Латын әліпбиіне көшу туралы айтыста жеңіп шығып, оған көшуге бет бұрған кезде қазақ лингвистері алдында емле қағидаларын белгілеп алу міндеті тұрды. Бұл да, жаңа жазуға көшудің өзі сияқты, әрі қиын, әрі тым шым-шытырық мәселе болатын. Жаңа жазудың жаңа емле жүйесі ғылыми негізге сүйенген өрі тілдің болашағы мен даму сатысын есепке ала жасалған болуы тиіс еді. Ол үшін тағы да өзгелермен айтысу қажеттілігі тұрды. Осы міндет тағы да білімі озық, алысқа көз тастайтын Құдайберген сияқтылардың үлесіне тиеді. Ол өз пікірлерін, дәлелдерін ұсынып, орысша сөйлегендерді қазақшаға қолма-қол аударып, конференцияға бастан-аяқ қатысады.

Алдына қойған мақсатын ақырына дейін аяқтамау — Құдайбергенге тән емес. Тіл білімінен теориялық білімін толықтыруды ойлаған екен — орындау керек! Оған денсаулығының нашарлығы да, үй іші жайы да (бұл кезде — 1930 жылы — Құдайберген үш баланың әкесі болған үйлі-баранды, жасы болса отызға келген ересек адам), күтіп тұрған қызмет те — ешқайсысы да бөгет бола алмақ емес. Оның үстіне Құдайберген қатты қызығып, бүйрегі бұрып келген нәрсе тағы бар. Ол — “Яфетидологиялық семинар”. Семинар бұ күнде теріс болса да, со күнде дұрыс, дұрыстығы былай тұрсын; тіпті жаңа лингвистикалық бағыттың ұясы болатын. Мұны тамаша лингвист Николай Яковлевич Марр басқарады. Өзі де табиғатынан отты, беймаза, іздемпаз, қиялы бай, полиглот (бірнеше тілді білетін) Н.Я.Марр сол кездерде Құдайберген сияқты адамды өзіне жақындатпай қоймайды.

Қ.Жұбанов 1930 жылдың күзінде Ленинградқа қайта оралып, ССРО Ғылым академиясының Тіл және ойлау институтына (қазіргі Тіл білімі институты), ондағы “Яфетидологиялық семинарға” аспирант болып ауысады. Ленинградта оқыған жылдарында Қ.Жұбанов сол жерде қызмет еткен ірі-ірі тіл мамандарымен танысады, кейбіреулерін тыңдап, кейбіреулерінен оқып, тәрбие алады. Солардың ішінде С.Е.Маловты, И.И.Мещаниновты, В.А.Богородицкийді, Е.Д.Поливановты атаймыз.

Қ.Жұбановтың ғылыми жұмыстары осы кезде, аспирант жылдарында басталады. Акад. Ахмет Жұбановтың айтуына қарағанда, сол оқу жылдарында Құдайберген “Марршылдық және марксшілдік” деген мақала жазып, оны проф. Алимовқа оқып береді (“Қазақ әдебиеті”, 1957 ж., 5 декабрь, № 49). Оқып жүрген кезінде жазған “Мағынасыз сөздердің мағыналары” атты жұмысын 1930 жылы Алматыда болған Қазақстанның өлкетану съезінде (кейбір мақалаларда бұл “Түркологиялық съезд” деп те аталған) көпшілік алдына ұсынады. Осыдан былай қарай Қ.Жұбановтың ғалымдық қызметі басталады.

1932 жылы аспирантураны аяқтап, жолдама алып Қ.Жұбанов Алматыға оралады. Ол мұнда Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орны — Мемлекеттік педагогикалық институттың (ҚазПИ-дің) профессоры болып істейді. Қазақ тілі мен әдебиет кафедрасын меңгереді, лекция оқиды. Сонымен қатар 20-жылдардағыдай, бірнеше басқа да міндеттерді қоса атқарады. Қ.Жұбанов Алматыға келген соң ССРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының лингвистика секторының (қазіргі Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Тіл білімі институты) меңгерушісі болып тағайындалады. 1933 жылдың 1 сентябрінен бастап ол Қазақ ССР Халық ағарту комиссариаты жанындағы методика, программа, оқулықтар секторының бастығы болып істейді. Бұл сектор сол кезде мектепке арналған оқу бағдарламаларын жасап, қазақ тілі оқулықтарын жазуды тікелей өзі жүргізетін. Мысалы, Халық ағарту халық комиссариатының программа-методика секторының 1935 жылғы август, сентябрь айларына арналған жұмыс жоспарында орта мектеп үшін қазақ тілі бағдарламасын жасауды 13-бап етіп сектор

қызметкерлері Қ.Жұбанов пен Ғ.Бегалиевке міндеттейді¹. Осы комиссариаттың 1935 жылғы 9 июльдегі №503 бұйрығында қазақ тілі грамматикасын жазу жұмысы тапсырылғандықтан, сектор меңгерушісі Қ.Жұбановты аппараттағы қызметінен уақытша босата тұру туралы айтылады². Бұл міндетті атқарып жүргенде, Қ.Жұбанов бар ынта-жігерін қазақ мектептерін ғылыми негізде жазылған сапалы оқулықтармен оның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарымен, аз уақыттың ішінде қамтамасыз етуге жұмсайды. Өзі жазып қоймайды, басқаларды да жұмылдырады.

30-жылдардың іші жоғары оқу орындары пайдаланарлықтай қазақ тілі грамматикасының ғылыми курстарынан құр алақан кезіміз болатын. Сондықтан Қ.Жұбанов тіпті алғашқы кезде ғылыми негізге біртабан жуық жазылған қазақ тілінің тұңғыш грамматикасы П.М.Мелиоранскийдің 1894–1897 жылдардағы кітаптарын (“Краткая грамматика казак-киргизского языка”, СПб, часть 1-я, 1894, часть 2-я, 1897) қайта басып шығартуды да ойластырады. Бұған неміс профессоры Бангтің француз тілінде жасаған комментарийлері мен ескертпелерін орысшаға аудартып қоса бермек болады және өзі кітаптағы ғылыми транскрипцияны латын әліппесіне көшіріп, мысалдарын жаңғыртып, кейбір жерлеріне ескертулер жасауды жоспарлайды. Бұл жұмысты 1937 жылдың июнь айларында үлгеріп істеп болатыны, проф. Банг жазған материалды француз тілінен орыс тіліне аударып берген ерлі-зайышты Гавриловтерге гонорарды тіпті өз қалтасынан төлеуге бар екені Берденев дегенге 1937 жылы марттың 21 күні жазған хатынан байқалады.

Қ.Жұбановтың қызмет еткен жылдарында қоса атқарған жұмыстарының тағы біреуі — мемлекеттік терминологиялық комиссияның төрағасы болып істеуі. Бұл да сол кезде, 30-ыншы жылдарда, күнбе-күнгі қолма-қол жұмысты қажет ететін сала болатын. Жаңа өмірге қаулап енуге тиісті жаңа сөздерді жасау ісіне ғылымның әр алуан саласындағы мамандарды жұмылдыру, олардың дайындаған

¹ ЦГА КазССР, ф. 81, оп. 3, дело 1078, св. 100, стр. 25.

² ЦГА КазССР, ф. 81, оп. 3, дело 714, св. 61, стр. 715.

материалдарын тіл білімі тұрғысынан реттеп түзету, көпшілік талқысына салу, практикада жүзеге асыру т.б. сияқты қыруар міндет Терминком комиссиясының, оның қажымас төрағасы – Қ.Жұбановтың мойнында болады. Осы салада ол термин жасау принциптері, термин сөздердің ерекшелігі, бұл жөніндегі кемшіліктер мен қателіктер жайында бірнеше мақала жазады. Қазақ АССР Халық ағарту халық комиссариатының жанындағы Терминологиялық комиссияның бюллетенін шығарады. Бұл бюллетень алфавит, орфография және терминология туралы практикалық та, теориялық та мақалалар, айтыстар жариялайды, ұсынылған немесе бекітілген терминдердің тізімін береді. Бюллетеньнің редакциясы атынан берілген материалдардың көбі Қ.Жұбановтың қаламынан шығады.

1935 жылғы Қазақстан тарихындағы елеулі оқиғаның бірі – мәдени құрылыс қызметкерлерінің бүкіл-қазақстандық съезі болды. Съезді 1935 жылдың май айында шақыру туралы қаулыда съездің күн тәртібіне үш түрлі мәселенің қойылатыны көрсетіледі. Олар: 1) Қазақстандағы мәдени төңкеріс; 2) Қазақ тілі туралы (орфография, термин және әдеби тіл); 3) Мектеп туралы.

Халық ағарту комиссариаты съездің екінші мәселесін дайындауды және негізгі баяндаманы Қ.Жұбановқа тапсырады (Қазақ АССР Халық ағарту халық комиссариатының 1935 ж. 8 сәуірдегі 206 номерлі бұйрығының 6-пунктін қараңыз¹). Сонымен бірге осы комиссариат съездің күн тәртібіне байланысты ғылыми мәселелерді шешу үшін 35 адамнан тұратын Академиялық комиссия құрады. Оның да төрағасы Қ.Жұбанов болады. Бұл комиссияның ішінде М.Әуезов, І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, С. Жиенбаев, С. Талжанов т. б. бар². Съезде Қ.Жұбанов “Қазақ әдеби тілінің жай-күйі” туралы баяндама жасап, онда қазақ тілінің терминологиясы мен емлесін, сол кезге дейін болып келген қателіктер мен бұрыстықтарды, сондай-ақ баспа бетін көрген кітап, газет-журналдардың тілі мен жазуындағы жауапсыздықтан кетіп жатқан қат-қабат қателерді көрсетеді. Олардың себептерін

¹ ЦГА КазССР, ф. 81, оп. 3, дело 1075, св. 100, стр. 1.

² ЦГА КазССР, ф. 81, оп. 3, дело 714, св. 100, стр. 385.

ашып, түзету амалдарын атайды, съезд осы баяндама бойынша қаулы алады.

Осы қаулыны жүзеге асырудың бір шарасы — қазақ тілі оқытушыларының мамандығын арттыру мақсатымен курс-семинарлар ұйымдастыру болады, өйткені, баяндамада көрсетілгендей, бұл кезде мектепте және әр түрлі курстарда қазақ тілін оқытатын адамдардың өзінің теориялық білімі аз болатын, оны өз бетімен толықтыратын қазақ тілінде жазылған ғылыми әдебиет және жоқ болатын. Жоғары оқу орындарын бітірген филолог мамандар саусақпен санарлық қана еді. Жалғыз мұғалімдер емес, баспа ісімен айналысып жүргендердің де қазақ тілі грамматикасынан, жазу принциптерінен хабары тіпті шағын болатын. Осының барлығын бірте-бірте жою үшін істелген алғашқы қадамның бірі курс-семинарлар ашып, оған тиісті адамдарды міндетті түрде қатыстыртып, білімдерін көтеру болды. Бұл курстар мен семинарлардың оқу жоспары мен бағдарламаларын жасау Қ.Жұбановқа жүктеледі. Алматы қаласындағы семинарды басқарып жүргізу де Құдайбергеннің міндеті болады. Семинарда проф. Қ.Жұбанов тыңдаушылар түсінерліктей дәрежеде қазақ тілі ғылыми курсынан лекциялар оқиды. Атақты педагог-методист, филология ғылымының кандидаты Шамғали Сарыбаев жасаған осы лекциялардың конспектісі (қолжазбасы) қазір Қазақ ССР Ғылым академиясының А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының тарих бөлімінде сақтаулы, институт оны реттеп жариялауды ойластырмақ.

Проф. Құдайберген Жұбанов осы көрсетілген жұмыстардың барлығымен қатар республиканың мәдени өмірінде жылма-жыл болып жатқан өзге де түрліше юбилей, конференция, мәжілістерге қатысып, кейбіреулерін өткізуге басшылық етеді. 1934 жылы Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толғанын еске алу юбилейін өткізуге белсене қатысады.

1936 жыл Құдайберген Жұбановтың аса мол жемісті жылдарының бірі болды. Бұл жылы оның “Қазақ тілінің грамматикасы I бөлім. Жалпы морфология” деп аталатын кітабы жарыққа шықты. Бұл — мектепке арналып ғылыми негізге сүйеніп жазылған қазақ тілінің тұңғыш кеңестік оқулығы болатын. Орта мектептің 5—7 сыныптарына

арналған қазақ тілі бағдарламасы да Қ.Жұбановтың қаламынан шығып, 1936 жылы жарық көрді.

Осы жылы 3—4 жылдан бері қарай іздестіріп, зерттеп, бір жағынан, лекция ретінде оқып жүрген материалдарын “Қазақ тілі жөнінен зерттеулер” деген сериямен 10 бөлек кітапша етіп баспаға тапсырады.

1937 жылғы октябрь айына дейін де проф. Қ.Жұбанов қыруар еңбек етеді. Қазақ тілінің ғылыми грамматикасының жүйелі толық курсын жазуға кіріседі. Оның “Фонетика” аталатын I бөлімін осы жылдары аяқтап, 1937—38 жылдары баспадан шығармақшы болады, мектеп грамматикасының II бөлімін жазып бітіреді, әр түрлі жинақтарға ғылыми мақалалар жазып береді. Қазақ тілінің “Түсіндірме сөздігінің” I-кітабын жазып дайындайды (оның редакторы А.Н.Самойлович болмақшы еді). Бірақ бұлардың көбі жүзеге аспай, жарық көрмей, трагедиямен үзіледі. Қ. Жұбанов 1937 жылы 19 ноябрьде жеке адамға табынушылық кезінде жазықсыз жала жабылып, тұтқынға алынады. 1938 жылдың ақпанында үлкен ғалым, ірі қоғам қайраткері Құдайберген Жұбанов қаза табады (атылады).

Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасы

Қ.Жұбановтың қаламынан туған дүниенің бірқатары өз кезінде жарыққа шығып үлгерді, ал бірсыпырасы, оның ішінде аса бір құндылары да, баспа бетін көрмей, мүлдем жоғалып кетті. Енді біраз жазбалары мемлекеттік архивтерде сақталып қалғаны анықталып отыр. Өз тұсында, 30-жылдарда, Қ.Жұбанов жазғандарынан жеке кітап, кітапша болып шыққандары, сол кездегі “Ауыл мұғалімі”, “Политехникалық мектеп”, “Әдебиет майданы” сияқты журналдарда басылғандары, жинақтарға енгізілген мақалалары, Терминком бюллетеньдерінде жарияланған материалдары мүмкіндігінше жиналып алынды, газет беттерінде жарық көрген мақалаларының да едәуірі қолға түсті. Қ.Жұбановтың әр жерде өзінің айтуы бойынша және кітапша мұқабаларындағы баспа жарнамаларында көрсетілуіне қарап, оның қаламынан төмендегі еңбектердің

шыққанын, бірақ олардың басылуға дайын тұрған жерінен (баспалар мен редакцияларда) жоғалып кеткенін білуге болады. Олар мыналар: “Мағынасыз сөздердің мағыналары” атты тұңғыш мақаласы (о баста баяндама тексті) екі рет жоғалған. Алғашқыда 1930 жылы басуға жіберілген жерінен Қазақстанды зерттеу қоғамы дегеннің қағаздарының арасына түсіп кетіп жоғалады. Кейін есте қалғандары бойынша, автор оны “Қазақтардың малға айтатын одағайлары” деген атпен қайта жазып, екінші рет баспаға ұсынғанда, 1937-38 жылдары тағы жоғалып кетеді. 1936—1937 жылдары Қ.Жұбановтың “Қазақ тілі жөнінен зерттеулер” деген жалпы атпен 10 түрлі жұмысы (10 кітапшасы) шығуға тиісті екен. Солардың тек екеуі ғана (“Из истории порядка слов в казахском предложении”, “Заметки о вспомогательных глаголах”) шығып үлгергенде, қалған сегізі қалып қойып, сол бетінде жойылған. Олар: “О частях речи в казахском языке”, “Двойные слова синонимического типа”. “Возникновение фонематического различия глухих и звонких”. “Подражательные слова, как особые формы словообразования”, “Скотоводческие междометия казахов”, “Элементы кинетической сигнализации в женской речи казахов”, “К природе и генезису залоговых форм в казахском языке”, “Структура местоимений в казахском языке”*.

Сондай-ақ ғылыми грамматика курсының I томы “Фонетика” деген кітабы жарық көрмей жоғалып кеткен. 1936—1937 жылдары Қ.Жұбановтың қатысумен “Қазақ тілінің академия сөздігінің” I бөлімі “А — азу” дегенге шейін жасалып, А.Самойлович пен Қ.Жұбановтың редакторлығымен баспаға дайындалған екен, ол да жарық көрмеді. Ішінде Қ.Жұбановтың екі мақаласы бар “Қазақ тіл білімі мәселелері” деген жинақ баспаға дайындалған екен, ол да жоқ. 20-жылдарда Құдайберген “Сегіз бен Мақпал” атты пьеса жазған екен, ол да қолға түспеді. 1932 жылы Шакар мен Таразы қыздың айтысын жазып алған екен, оның да қайда екені беймағлұм. Және де біз білмейтін тағы да көптеген тезистері, материалдары, сүйкей салған жазбалары,

* Бұл еңбектердің бәрі де орыс тілінде жазылған. Сондықтан жұмыс аттарын да аудармай беріп отырмыз.

жазысқан хаттары болуы мүмкін. Осылардың барлығын әрі қарай тынбастан іздестіру, табу — міндетіміз де, борышымыз да. Іздестірсе әр нәрсе шығып қалатынын байқадық. Әкесінің мұрасын архивтерден, жеке мекемелер мен адамдардан іздеп табуда балалары Ақырап пен Есет Жұбановтардың, інісі акад. Ахмет Жұбановтың көп қызмет еткенін айтпасқа болмайды. Сондай-ақ қарт мұғалім Жанғазы Жолаев жақсы материал тапсырды, ол — Қ.Жұбановтың өзіне жазған хаты, педагог ғалым Шамғали Сарыбаев тапсырған материал — Қ.Жұбанов лекцияларының конспектісі бағалы екенін айту керек. Сол сияқты әрі қарай бәріміз ат салыссақ, оған осы кітапшаны оқығандар қатынасса, әлі де біраз материал жиналар деп үміттенеміз.

Енді Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасына тоқталайық. Әзірге қолымызға түскен материалдың баршасын түгел қарап өткенде, Қ.Жұбанов қаламына ілінген мәселелер тақырыбы жағынан мынадай салаларды қамтитынын аңғарамыз:

- 1) Фонетика;
- 2) Қазақ тілі грамматикасы (морфология мен синтаксис);
- 3) Жалпы тіл білімінің кейбір мәселелері;
- 4) Қазақтың ұлттық әдеби тілінің дамуы мен тарихы;
- 5) Қазақ жазуы, орфографиясы, терминологиясы;
- 6) Оқулық, бағдарлама, әдістеме;
- 7) Мәдениет пен өнер мәселелері.

Осылардың әрқайсысына қысқаша талдау жасалық.

Қ.Жұбановтың еңбектеріне және өмірбаянын жазушылардың айтуына қарағанда, оның тіл ғылымының бір саласы фонетиканы ден қоя зерттеуге кіріскені байқалады. “Материалы к научной грамматике казахского языка, I том, фонетика” деген монографиясы жазылып бітіп, 1937—38 жылдарда баспадан шығуға тиісті екен, бірақ шықпай, қолымызға қолжазбасы да тимей сол күйінде жоғалып кеткенін жоғарыда айттық. Қ.Жұбанов еңбектерін жақсы білетін акад. І.Кеңесбаев “көлемі 20 баспа табақтай бұл кітапты автордың фонетика саласындағы ұзақ уақыт зерттеген еңбегі болатын” дейді. Соған қарағанда Қ.Жұбанов фонетика нендей ғылым дегеннен бастап, онда зерттелетін категорияларды жүйелі түрде башайлап талдағанға ұқсайды.

Әзірге біздің алдымызда фонетика мәселелерін сөз ететін оның 3—4-ақ жұмысы жатыр. Олар фонетиканың өзі емес, соның кіріспесі тәрізді. Бұл “К постановке исследования истории фонетики казахского языка” (машинкамен 19 бет), “Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар, Қазақ тілінің фонетикасы” (журналдың 16 беті), “Буын жігін қалай табуға болады” (машинкамен 15 бет). Бірінші мақала “Труды Казахского института национальной культуры” деген 1935 жылы шыққан жинақта жарияланған.

Мұнда автор лингвистикалық зерттеу жұмысын жүргізудегі өзінің бұрынғы зерттеушілерден ерекшеленетін әдістерін баяндайды. Бірінші ерекшелігі — қазақ фонетикасы тарихын зерттеу объектісі етіп жазба ескерткіштер емес, осы күнгі тілдің өзін алатындығы. Өйткені, — дейді автор, қай тілдің болмасын осы заманғы қалпының өзінде көптеген тарихи қалдықтар бар. Олар грамматика саласынан да, семантикадан да, сондай-ақ фонетикалық элементтерден де табылады. Семантикалық реликт (қалдық) ретінде осы мақаласында қазақтың “безгегім ұстады”, “күн көру” орыстың “лихорадит”, немістің *es regnet* (дождит) деген тіркестерін келтіреді. Бұл ойын автор келесі бір еңбегінде синтаксистен мысал келтіріп тағы дәлелдейді. Осы күнгі “күн ұзаққа”, “Күнсұлу”, “Айсұлу”, “адам тағы” сияқты тіркестердегі сөздердің орын тәртібінен өте көне дәуірлердегі синтаксистік амалдардың сырын ашып, оларды да тіл тарихын көрсететін объектілер деп табады.

Автордың зерттеу әдісіндегі екінші ерекшелігі — тіл құбылыстарын бір-бірімен органикалық бірлікте қарайтындығы, яғни фонетикалық, грамматикалық, лексикалық, семантикалық құбылыстар даму процесінде біріне-бірі байланысты болатындығын, біреуінде болған өзгеріс екіншісіне ықпал етіп, “тіркесті реакция” жасайтындығын айтады. Бұған осы мақалада мынадай мысал келтіреді. Өте көне замандарда тілде “р” мен “з” дыбыстары фонема ретінде ажырамаған кезі болған, сол кезде **көр** сөзі мен **көз** сөзі, сондай-ақ **семір**, **семіз** сөздері бірдей қолданылып, затты да, оның қимылын да, яғни әрі есім, әрі етістікті білдірген. Келе-келе, етістікті есімнен ажырату қажеттігі туған кезде, тіл бұған сөз тудырудың

басқа да тәсілдерімен қатар дыбыс алмасу құбылысын пайдаланған: көз-ді есімге, көр-ді етістікке бекіткен. Сөйтіп, дыбыстық ерекшелік сөз жасауға қатысып, лексикалық қорды байытқан. Бұл өзгерістің салдарынан екі түбір — бірі есім, бірі етістік пайда болып, морфологиялық жаңалық туған. Әрі қарай *p*, *z* дыбыстары лексикалық және морфологиялық жаңа элемент жасайтын қасиетке ие болғандықтан, енді өздері фонемалық (дыбыстық) мән алып, фонетикалық категорияға айналған, — дейді.

Міне, осындай “тіркесті реакцияны” іздеуді және оны осы күнгі тірі тілдердегі құбылыстардан іздеуді тіл тарихын палеонтологиялық әдіспен зерттеу деп, оны өз сөзімен айтқанда, “индоевропа компаративизміне” қарама-қарсы қояды. Бұл пікірін автор “Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар” деген екінші еңбегінде де білдіреді. Мұнда “Тіл дыбыстарының табиғатын қалай танып келдік, қалай тануға тиіспіз” деген 2-лекциясында лингвистикадағы индоевропалық әдіске қарсылығын ашық айтып, ол әдіс фонетиканы зерттеу саласында мынадай теріс ұғымдар тудырды дейді:

1) Тіл дыбыстарын өзгермейтін, мәңгі құбылыс етіп ұғындырды;

2) Дыбыс жүйесін тілдің басқа жүйелерінен бөліп оңашалап тексерді;

3) Дыбыстың қоғамдық, тілдік жағын есептемей, жаратылыстық (физиологиялық) жағын тексеруге ауып кетті.

Осының нәтижесінде, яғни тілдегі ең негізгі фактор — жаратылыстық жағы дегендіктен, индоевропа ғылымы тілдерді жаратылысынан озық, тумысынан қалық тілдер деп бөліп, отар елдердің тілдерін қор санап, империализмнің сойылын соғып отыр деп түйеді автор.

Әрине, 30-жылдарда бел ала бастаған “Тіл туралы жаңа ілімді” коммунистік идеяға көңілі адал, ғылымға шын берілген Қ.Жұбанов марксизм-ленинизмге негізделген бірден-бір дұрыс методологиялық жаңа бағыт деп қарсы алды. Бұл жалғыз Жұбанов емес, сол кездегі көптеген ірі лингвистердің өздерінің ғылым жолындағы бір кезеңі болатын. Осылай түсінген ғалым “Жаңа ілімді” де, оны жасаушы Н.Я.Маррды да, ол ілімнің сан қилы әдістерін

де (әсіресе палеонтология әдісін) өзіне тән шабытпен қолдап, соны үгіттегені аян. Осы ретте “Жаңа ілімге” қайшы келетін өзге лингвистикалық ағымдар мен бағыттардың бұрыс-терісін көрсетіп сынауды да өзіне міндет етеді.

Жұбановтың фонетиканы зерттеуге байланысты индоевропа тіл ғылымы адресіне айтылған жоғарғы көзқарастарын осылайша түсіне отырып, мұндағы оның пікірлері мен таза талдауларының дұрыстығын жоққа шығаруға болмайтын тәрізді. Қазірде құлағымызға тосаңдау естіліп, тосырқай қабылдайтын “жаңа ілім”, “палеонтологиялық анализ” дегендерді атағаны болмаса, дыбыс деген не, оның табиғаты қандай, даму тарихы қалай өрбіген, оны қалайша зерттеу керек деген мәселелерді Қ.Жұбанов дұрыс бастап, дұрыс баяндауға кіріскенін аңғарамыз.

Фонетиканың таза өз объектілерін талдағанынан бізге әзірге белгілісі – мектепке арналған оқулықта берілген “Сөздің дыбыс құрылысы” деген III тарауы мен 1–2 мақаласы. Сөз жоқ, Қ.Жұбанов қазақ тілі дыбыстарының классификациясы, екпін, буын, сингармонизм дегендерді кең түрде зерттеген немесе зерттей бастаған. Бірақ V сыныпқа арналған оқулықта оларды толық, түгел көрсете алмағаны тағы да белгілі. Бұнда зерттеуші қазақ тіліндегі дыбыстардың фонемалық (дыбыстық) сипатын, фонема санының 26 екенін айтады. Дауыстыларды жүйелегенде дыбыстау түріне қарай оларды толық (осы күнгі ашық), келте (қысаң) және қосынды деп үшке; жасалуына қарай еріндік, езулік деп екіге бөледі. Дауыссыздар мен сонорлар классификациясы да, терминдерінің біраз өзгеше келетінін есептемегенде, осы күнгіден алшақтамайды, тек Қ.Жұбанов классификациясында *сыбыр (с, з), сыбыс (ш, ж)* дауыссыздары деген бар. Буын мен сингармонизм жайы оқулықтағыдан басқа “Буын жігін қалай табуға болады” деген мақаласы мен “Редактордың ескертулері” деген жұмысында сөз етіледі. Мұнда қазақ тіліндегі буынның табиғатын, қасиетін және структурасын кеңірек баяндайды, қазақ буынының жылысу (*бірақ – бі-рақ*) және кірігу (*бара алмайды – ба-рал-май-ды*) қасиеттерін, ол қасиеттердің

себебін көрсетіп талдауы — күні бүгінге дейін мәнін жоймаған тың пікір.

Сингармонизм (үндестік заңы) мәселесіне Қ.Жұбанов бірқатар көңіл аударған. Ең алдымен, түркі тілдеріндегі үндесу қасиетін кейбір европа білімпаздарының қате түсінетіндігін айтады. Мысалы, Штейнтальдің сингармонизм түркі-монғол елдерінің рухани енжарлығынан туған дегенін, Бетлингтің: сингармонизм себебі урал-алтай халықтарының сөйлеу мүшелерінің өзгеше құрылғандығынан деуін “Ғылыми курста” да, “Ескертулерінде” де қатты сынап, сингармонизм — кертартпалықты немесе артта қалушылықты көрсететін құбылыс емес, “тілдегі түбір мен қосымшаны жымдастыратын цемент” екенін айтады. Және сингармонизмді түбірге ғана қатысты заң (түбірдің тұтас жуан не жіңішке болуы) деп ұғуды теріске шығарады. Қазақ тіліндегі түбірлердің біркелкі жуан не жіңішке болып келуі әрдайым сақталып отырмайтынын, яғни бір сөздің ішінде жіңішке де, жуан да буындар келе беретінін (*қайте-мін, бір-ақ, ә-пер-ба-қан, мін-таз-дай* — мысалдар Қ.Жұбановтікі) дәлелге кетіреді. Сондықтан үндесу — түбір мен қосымшаға қатысты заң дейді.

Бұлардан басқа Қ.Жұбановтың фонетикаға қатысты қысаң дауыстылардың сусып түсіп қалуы жайында мақаласы болыпты. Мақала жарық көрмей жоғалып кеткен. Оның кейбір бөлшектерін басқа мақалаларда айтылған фрагменттеріне қарап топшылауға болатын тәрізді. Мысалы, *ұйқта* сөзінің түбірі *ұйқ* емес, *ұйқы* екенін, бірақ бұған заңды *-ла* жұрнағы тіркелмей, оның *-та* болып кетуі, Жұбановтың өз терминімен айтқанда, сусымалы *ы*-ның түсіп қалу салдарынан, ал *ы*-ның түсіп қалуы екпінге байланысты дейді.

Қ.Жұбановтың дыбыс, буын, үндесу категорияларының табиғатын, заңдылықтарын бұлайша ғылыми негізде жақсы танып білуі оның кейін емле мен алфавит мәселелерін шешуге қатысты ойлары мен ұсыныстарын дәлелдеуге бірден-бір көмек етті. Сондықтан ғалым жазу мен емлеге қатысты айтыстарда жалаң дау айтпай, өз ұсынысын езеуреп күшке салып өткізбей, байсалды түрде дәлелдеп, жұртқа мәселенің оң-терісін танытып барып, жүзеге асырып отырған.

Енді м о р ф о л о г и я ға келейік. Бұл саланың негізгі категорияларына қатысты алғашқы мәліметтерді Қ.Жұбанов мектеп грамматикасында береді. Морфологиялық объектілерден ғалымның кеңірек пікір айтып үлгергені: көмекші етістіктер, күрделі сөздердің жасалуы, сөз құрылымы, оның ішінде өлі түбір мен өлі қосымшалар сияқты мәселелер.

“Қазақ тіліндегі *отыр, тұр, жүр, жатыр* деген төрт етістік күллі өзге етістіктерден үш түрлі морфологиялық қасиетімен ерекшеленеді”, – дейді алғашқы зерттеуші Қ.Жұбанов. Бірі – олардың жіктік жалғауларын тікелей қабылдай алатындығы; екінші – түбір күйінде тұрып таза Ргдsens-ті (осы шақты) білдіре алатындығы; үшінші – түбір күйінде тұрып Imperativ-тің (бұйрық райдың) II жағы мен Ргдsens-тің III жағын көрсететіндігі. Оның үстіне төрт етістік әрқайсысы осы шақты жасағанда, соның өз аясындағы әр түрлі мағынаны білдіреді. *Жатыр* етістігі іс-әрекеттің дәл сөйлеп тұрған сәтте емес, әйтеуір жалпы жүріп жатқан, ара-арасында үзілісі де болатын түрін көрсетеді: *Бейімбет бір үлкен роман жазып жатыр* (мысал Қ.Жұбановтікі – Р.С.). Егер іс-әрекет сөйлеп тұрған сәтте орындалып жатса, қазақ тілі *отыр* етістігін жұмсайды; ұзақ іс-әрекет үзілістерімен жүріп жатса, қазақ *жүр* көмекшісіне жүгінеді: *тұр-ға* келсек, ол соншама күрделі: осы сәттегі істі де, орындалып жатқан іс-әрекетті де білдіреді, дәл осы сәттегі істі білдіргенде тек адамға байланысты айтылады.

Қысқасы, Қ.Жұбанов өзінің “Көмекші, күрделі етістіктер туралы” деген орыс тіліндегі шағын кітапшасында төрт етістіктің осы сияқты семантикалық-функциялық дифференциациясын ең бір нәзік жерлеріне дейін талдап көрсетіп береді. Бұл – атақты төрт етістік (*отыр, жатыр, жүр, тұр*) туралы жазылған ең алғашқы ғылыми жұмыс.

Осы күнгі біріккен сөздер деп жүрген категориямыз о бастан қиын мәселенің бірі екенін байқаймыз. Қ.Жұбанов бұған “біріккен сөз” емес, “кіріккен сөз” деген терминді қолданады да, оның негізгі белгісі етіп, “бүгінде ішкі жігін жоғалтып, бірігіп кетуді” алады: *ашу+тас-тың ашудас, күн+жүз (дуз) дегеннің күндіз, ай+йүз-дің аяз, бел+бау-дың белбеу* болып жымдасып кетуін мысалға келтіреді. Ал *жер май, бес жылдық* сияқтыларды Жұбанов әлі кірігіп жетпеген деп табады.

Демек, осы күнгі бізге қарағанда біріккен сөздердің межесін белгілеуде Қ.Жұбанов тұрақты және айқын принцип ұстаған: дыбыстық, морфемдік (түбірлік, қосымшалық) деформацияға (өзгеріске) ұшырағандар ғана біріккен болады екен де, қалғандары күрделі сөздер ғана болып табылады екен.

“Қазақ тілінде біріккен сөздің жасалуы туралы” деген бұрын жарияланбаған, архивтен табылған 7 беттік орыс тілінде жазылған этюдінде зерттеуші түбірлердің бірігуі туралы мәселеге тереңірек баруды ойластырады. Мұнда түбірлердің тіркесе барып бірігіп кету құбылысын жалғыз қазақ тілінен емес, латын, орыс, неміс, ағылшын тілдерінен мол-мол мысалдар алып, салыстыра зерттемек болады. Бірақ, өкінішке орай, бұл материал да, Қ.Жұбановтың көштеген құнды еңбектері сияқты, әрі аяқталмай, әрі автордың өз қолымен өңделмей, черновик күйінде қалып қойған. Әйтпесе жоғарғы аталған тілдердің бірқатарын жақсы меңгерген ғалым осы тілдердегі көріністерді салыстыра зерттей отырып, түбірлер бірігуінің жалпы тілдік теориясын (заңдылығын) айтқан болар еді.

Проф. Қ.Жұбановтың айырықша көңіл қойғаны — өлі түбірлер мен өлі жұрнақтар жайы. Сірә, өлі форманттарды іздестіріп табу оның тілдік құбылыстардың даму тарихын осы күнгі тірі тілдің өз ішінен іздеу сияқты әдісінен туса керек. *Көз* бен *көр*, *жан* мен *жақ*, *ұял* мен *ұят*, *өгіз* бен *өкір* тәрізді сөздерді олардың соңғы дыбыстарын ажыратып боршалаған және оның мәнін поляк ғалымы Владислав Котвичтен кейін, қазіргі поляк тюркологы Зайончковский мен қырғыз қаламдасымыз Б.Юнусалиевтен бұрын айтқан адам, біздіңше, Қ.Жұбанов болар. Өлі түбір (*күрес*, *жарыс* дегендердегі *күре*, *жар*), өлі қосымша (*соң-ра*, *жон-қа*, *ерте-ң* дегендердегі *-ра*, *-қа*, *-ң* жұрнақтары) дегендерді мектепте танытуды ұсынған (“Мектеп грамматикасын” және Жанғазы Жолаевқа жазған хатын қараңыз) ғалым екінші бір еңбегінде *ұял*, *ұят* сөздерін талдап, соңғы сөздегі *-т* жұрнағы *ки-іт*, *мін-іт*, *шығ-ыт* (ұзатылатын қызға арналған киім) сөздерінде де сақталғанын көрсетіп, дәлелдей түседі. Сірә, әрі қарай жұмыс істей беруге дәм жазғанда, Қ.Жұбанов сөз құрылымы, түбірдің грамматикалық дамуы деген мәселені тюркологтардың